

Ұш қонақшы

10 жыл!
Бізге

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ГАЗЕТІ

Газет 2010 жылдың 19 наурызынан шыға бастады www.ush-konyr.kz №13 (480) 27 наурыз 2020 жыл

«100 ЖАҢА КІТАП» ЖОБАСЫ



Ақтөбе облысы, Шалқар аудандық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында аталған «қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» және «100 жаңа есім» жобалары бойынша ғылыми конференция ұйымдастырылды. Конференцияға қалалық мектептерден оқушылар қатыстырылды. «100 жаңа кітап» жобасының мақсаты: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында кітаптың жасалу жолы туралы түсінік беру. Оқушыларға білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Зейінін шоғарландыру, шығармашылық қабілетін, тіл байлығын, ой – өрісін дамыту.

«100 жаңа есім» жобасының мақсаты: Өз Отанына шексіз берілген, патриоттық рухы жоғары, ел дамуына зор үлес қосқан азаматтардың өздері мен олардың табысқа жету жолдарын үлгі ету. Елімізде өскелең жас ұрпақты Отансүйгіштікке, елжандылыққа тәрбиелеу. Өз саласында жетістікке жеткен жерлестерімізді тауып, олардың өмірін, елеулі еңбегімен бағындырған белесін кеңінен насихаттау, өзгелерге үлгі ету. Тәуелсіздік дәуірінде еліміздің көркеюіне үлес қосқан, ұлтымыздың алтын қорына енуге лайықты жерлестерімізді көпшілікке таныту, насихаттау.

Конференцияны балалар кітапханасының меңгерушісі А.Тасқожина: Ғылыми таным – заманауи ұлттың бәсекеге қабілетті болуының басты тарапы. Жаңа оқулықтар білімнің нағыз энциклопедиясы болып саналады. Бүгінде оқу әдісі ғана емес, сондай-ақ оның мазмұны да маңызды. Осыған орай «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бес жылға арналған жалпыұлттық білім беру ісін жүзеге асыруға мүмкіндік береді Елбасы әлемдік тәжірибеде мұндай кеңенді бағдарламаның іске асырылуы сирек кездесетінін атап өтті және Мемлекет басшысы рухани жаңғыру аясындағы жұмыстардың маңыздылығына тоқталып, «100 жаңа оқулық» жобасының жас ұрпаққа білім беру ісіндегі рөлі зор екенін айтты, - деп ашып бастады.

«100 жаңа кітап» жобасын балалар кітапханасының қызметкерлері таныстырып, сол жобаға байланысты видеоролик көрсетсе, «100 жаңа есім» жобасына қалалық мектептерден 9 оқушы қатысты. №1 мектеп – гимназиясының оқушысы М.Әнуар осы мектептен түлеп ұшқан Нейро-хирург Қ.Ақшолақовты, №2 мектеп-гимназиясының оқушысы М.Айнағұловты таныстырса, №5 мектеп – лицейінің оқушысы Д.Нәбиев сол мектепке еңбегі сіңген, гүлденіп, дамуына үлес қосқан Р.Туяшевті көпшілікке үлгі ретінде сонимен қатар 100 жаңа есімге лайықты деп насихаттады. Шара барысында №2 мектеп – гимназия оқушысы Е.Төлеген «Рухани жаңғыру» әнін орындады.

Конференцияны балалар кітапханасының кітапханашылары Г.Асқарова мен А.Алдоңғарова жүргізді. Қорытынды сөз кезегін алған кітапхана меңгерушісі шараға атсалысқан оқушыларға рахмет айтып шағын сыйлық пен мәдениет жіне тілдерді дамыту бөлімінің басшысының атынан алғыс хаттар табыс етті.

Жанар ЕШНИЯЗОВА,
Кітапхана әдіскері,
Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы.



НҰРЛЫ ДӘСТҮР – ТАЛ БЕСІК

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» мақалаларында қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттарын атап көрсетті. Қарағанды облысында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының идеялық құндылықтарын жүзеге асыру контекстінде Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамын тойлаудың мәні жоғары. Наурыз – ұлттық бірегейлік пен үйлесімнің, береке мен бірліктің мерекесі. Бұл ұлттық бірегейлікті сақтау, прагматизмді қалыптастыру, сананың ашықтығын көтермелеу тұрғысынан маңызды мереке. Наурыз – жаңа күннің бастауы. Табиғаттың жаңарып, тіршіліктің жанданып, ниеттің тазарып, жақсылықтың, ізгіліктің оянатын шағы.

Әз-Наурыз тарихи құндылығын, халық арасындағы өзектілігін жоғалтпаған мейрам. Біздің музейде Ұлыстың Ұлы күні жыл сайын дәстүрлі түрде аталып өтеді, әр жыл сайын мектеп оқушыларын шақырып қазақтың ұлттық ойындары: арқан тарту, асық ату, қыз қуу сияқты ойындармен қатар ән салып би билеп барынша есте қаларлықтай өткізуге тырысамыз. Әсіресе былтырғы 2019 жылдан бастап «Дәстүр сөйлейді» деген циклмен яғни «Рухани жаңғыру» бағдарламасын негізге ала отырып, жыл сайын қазақ халқының ұмыт болып бара жатқан асыл дәстүрлерін жаңғыртуды жөн санадық, осы цикл аясында былтырғы жылы «Ашамайға мінгізу» дәстүрін сахналап көрсеттік.

Оқушыларға қазақ халқының ұлы мерекесі Наурыз



мейрамы жөнінде түсінік бере отырып, халқымыздың салт-дәстүрін бойына дарыту, шынайылыққа, адамгершілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу «Ашамайға мінгізу», «Бесікке салу» дәстүрлерін көрсету арқылы балаларды өз салт-дәстүрін құрметтеуге, дәріптеуге тәрбиелеу. Қазақтар жылқысыз өмір сүре алмаған. Себебі біздің ата-бабаларымыз көшпенді халық болған. Ал үлкен қашықтыққа көшу үшін жылқыдан басқа жылжымалы құрал болмаған. Қазақ халқы жылқыны жылжымалы құрал ретінде ғана қолданбаған. Оның сүтін ішкен,

етін жеген және онымен жерін қорғаған. Сол себептен жылқы біз үшін ең пайдалы жануар болған.

Қазақ ат құлағында ойнап, аттың жалында туған ұлт деп бекер айтпаған. Сол үшін бұрынғы кезде біздің ата-бабаларымыз балаларын кішкентай кездерінен бастап, атқа мінуді үйрете бастаған. Әрине жас бала жылқыға бірден мінгіп кете бермейтін. Осы іс үшін қазақи дәстүрде, арнайы дәстүрлі әдеттерді пайдаланатын. Соның бастысы ашамайға мінгізу ғұрпы болған. Бала үшін арнайы ашамай істелетін. Ашамай деген кішкентай балаға арналған тоқым болмақ. Оны арнайы ағаш шеберлері тапсырыс бойынша жасап беретін. Баланы ашамайға мінгізу үшін өте жуас жылқыны таңдайды. Көбінде жуас жылқы ретінде тайларды таңдайтын.

Қай халықты алсақ та, оның өзіне тән тұрмыс-тіршілігі, күнкөрісі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі болады. Салт-дәстүр сол халықпен бірге жасасып, оның тарихында өшпес із қалдырады. Бірақ ұмыт болып бара жатқан ұлттық салт-дәстүрлеріміз де жоқ емес. Ендеше, салтымыз санамызда мәңгілік жаңғырып тұруы үшін дәстүр сөйлейді. Ашамайға мінгізу (салт). Баланың сана-сезімін жетілдіру үшін жасалатын тәрбиелік салттың бірі – осы ашамайға мінгізу болып табылады. Жас бала есі кіріп, 5-7 жасқа келген соң оған жеке тай атап, ашамай істептіп қамшы өріп «сен азамат болдың» деген сенім ұялатып, үйретілген жуас тайға әсем ашамай ертеп мінгізіп, жүргізеді. Бұл баланың көңілін өсіреді, басқа балалар алдында мерейі көтеріліп, мақтаныш сезімде болады, тез есейеді. Оны еңбекке адамгершілікке тәрбиелеудің ұлттық әдістемелік жолдарының бірі – осы ашамайға мінгізу арқылы көрінеді.

Жалғасы 8-бетте



ҰЛЫ ДАЛА
ХАҢИМДАРЫ

3-бет

НАУРЫЗ –
ҚАЗАҚТЫҢ
ТӨЛ МЕРЕКЕСІ

4-бет

ӨНЕРДЕГІ
ЖАЙСАҢ ЖАН

5-бет

«СӘЛЕМЕТСІЗ БЕ,
БАҚЫТ?!»

7-бет

АСЫЛ СӨЗДІҢ АЛДАСПАНЫ - ХӘКІМ АБАЙ



Кемеңгер тұлға атанған ұлы ақын Абай Құнанбайұлының 175 жылдығының салтанатты ашылу рәсімі елордадағы «Астана Опера» театрында болып өтті. Мерейтойдың бастамасы болған Іс шараға Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен Президент Қасым Жомарт Тоқаев шетелде және еліміздің түпкір түпкірінде жыл сайын ұйымдастырылатын мерекелік Іс шараларды ресми түрде бастап берді.

Осыған орай Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің тарих, археология және этнология факультетінің Қазақстан тарих кафедрасы 1 курс магистранттарының қатысуымен Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған «Ұлы Абайдың Қара сөздері» атты Іс шара өткізілді.

Ұлы Абай – ойшыл, дана, ағартушы, ғұлама, ақын, жазушы ретінде еліміздің тарихында терең із қалдырған. Ұлы ақынның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, дүниетанымы, мінезі, рухы, жаны, тілі мен ділі көрініс тауып, Абай әлемі деген бір құбылыс ретінде танылады.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Замандар ауысып, дүние дидары өзгерсе де, халқымыздың Абайға көңілі айнымайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларын қаныға түседі. Абай өзінің халқымен мәңгілік бірге, сан ғасырлар бойы қазақ елін, қазағын биіктерге, асқар асуларға шақыра береді», деген өнегелі сөзі ақынның мұрасының мәңгілік өсиет ретінде бағаланатынын байқаймыз.

Іс-шарада Ұлы ғұламаның қара сөздері талданып,

ақынның шығармашылық мұрасын зерттеудің маңыздылығын атап өтті. Ақын ел жұтты түрлі өнерді игеруге, тіл үйренуге үгіттеді. Ақынның жиырма бесінші қара сөзінде өзге тілдің адамға не беретініне тоқталып: «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды»- дейді.

Қазіргі таңда ғылым да, білім де күн сайын емес, сағат сайын өзгеріске ұшырауда. Ғылымдағы жаңалықтар адамзатты алға жетелейді. Дәл осы жерде ақыл – оймен озатын шақ туды. Осының барлығы уақыт талабы екенін ғұлама анық аңғарып, ұлтына ертерек үн қатқан.

Абай кештері студенттер мен мектеп оқушыларының шығармашылық бағытын байытуға, мәдени деңгейін көтеруге, сондай-ақ олардың қабілеттерін жандандыруға жәрдемдеседі.

Іс шара барысында тарих мамандығының магистранттары мен оқытушылары Абай қара сөздерін тереңінен қарастырып, белсенділік танытып қатысқан студенттерге кітаптар сыйға тартты.

Іс шараны қортындылай келе, кеш соңына қарай Абай өлеңдері оқылып, керемет әнімен әуендетіп аяқталды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті Тарих, археология және этнология факультеті Дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының Тарих мамандығының 1-курс магистранты МҰХАМЕТҚАЛИ Айнаш Еркеқызы Жетекшісі: т.ғ.д., профессор ЖҰМАҒҰЛОВ Қалқаман Тұрсынұлы



АҚЫНЫН АРДАҚТАҒАН ЕЛ БАҚЫТТЫ

«Есенбай ешқандай қоспасы жоқ, табиғаттың аузынан түсе қалған ақын. Әр өлеңінен көктемгі даланың жұпар иісі келеді.»

С.Жиенбаев.

Қазақ поэзиясына өз үні, өз бояуымен танымал болған қазақ халқының көрнекті ақыны Есенбай Дүйсенбайұлы 1940 жылы 16 мамырда Байғанин ауданының Қалдайбек ауылында дүниеге келген. Ақын еңбек жолын бастауыш класс мұғалімінен бастап, көп ұзамай журналистік қызметке ауысты. Ақынның ондаған өлең жинақтары жарық көрді. Оның шығармаларында халықтық, ақын-жыраулардың екпін мен жігерге, қайсарлыққа құрылған үздік дәстүрі бар. Есенбай Дүйсенбаевтың «Боз ала таң мен бозторғай» (1971), «Ақ пейіл» (1974), «Ұланғайыр» (1977), «Ашық аспан» (1978), «Ақ желкенді ағыстар» (1979), «Біздің толқын» (1981), «Ашық хат» (1982) деп аталатын жыр жинақтары Алматыдағы «Жазушы» және «Жалын» баспаларынан жарық көріп, еліміздің өлең сүйер оқырмандарына кеңінен тарады. Сонымен қатар М.Горькийдің «Әдебиет туралы», Г.Ломидзенің «Ұлы достық ұлағаттары» деп аталатын сын кітаптарын, қырғыз ақыны Б.Абакировтың, палестиналық ақын Абдрахман әл-Хамидидің өлеңдерін, екі томдық «Орыс-совет поэзиясының антологиясын» қазақ тіліне аударған.

Жуырда С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасы №36 орта мектебінде ақын Есенбай Дүйсенбайұлының шығармашылығымен таныстырып, жасөспірімдерге патриоттық және эстетикалық тәрбие беру, қазақ әдебиетін, соның ішінде поэзияға деген жастардың сүйіспеншіліктерін арттыру мақсатында «Ақынның ардақтаған ел бақытты» атты поэзия сағатын өткізді.

Шара барысында жүргізуші Назым Нұржанова балаларды ақынның туындыларымен таныстырды. Оқушылар ақынның «Ескі жұрт», «Абайға мұң шағу», «Ақын келді ауылына» т.б. өлеңдерін дауыстап оқып, сергіту сәтінде логикалық ойындар ойнады. Ақындық өнерді тану арқылы, балалар табиғат, достық, адамгершілік туралы түсінігін молайтты. Іс-шара барысында оқушылар «Ақын жолы – жыр жолы» кітап көрмесімен танысты. Кітап көрмесіне Шынар Кошанова библиографиялық шолу жасады. Сонымен қатар балаларға ақын өмірі мен шығармашылығына хабардар ететін бейнеслайд көрсетілді.

Гүлнұр ЕСКЕНДІРҚЫЗЫ,
С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының қызметкері, Ақтөбе қаласы.

ДАНАЛАРЫ БАР ЕЛ БАҚЫТТЫ

«Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы комиссиясының шешімі бойынша 2020 жылы Қазақстанда жалпыға бірдей оқу үшін Әнуар Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» романы мен Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясы ұсынылды.

«Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің» Балалар мен жасөспірімдер кітапханасында 20 ақпан күні «Даналары бар ел бақытты» атты әдеби композиция ұйымдастырылды. Іс-шараға кітапхана оқырмандары мен №11 мектептің 10 сынып оқушылары және Жезқазған музыкалық колледждің студенттері қатысты. Кітапханашылар шарада М.Әуезовтың шығармашылығы мен әдеби-ғылыми мұрасына тоқталып өтті. Сонымен қатар, көрермендерге «Абай» атты виртуалды көрме мен «Әл-Фараби өркениет философы» атты бейне фильм көрсетілді. Жезқазған қаласының музыкалық колледжінің «Актёр және өнер» бөлімінің ІІ және ІІІ курс студенттері М.Әуезовтың Абай жолы роман-эпопеясы мен Ә. Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» аты шығармасынан көріністі шебер орындап, көрермендердің қошеметіне бөленді. Кітапхана оқырманы Мақсұтов Мадияр Абай Құнанбаевтың «Көзіңнің қарасы», «Сегіз аяқ» атты әндері мен «Жігіттерге» термесін орындап, көпшіліктің ықыласына бөленді. Кітапханашы А.Жартыбаева «Ұрпақтары ұмытпайтын қос данам» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасап, оқырмандарды кітап оқуға шақырды. Шара соңында, балалар мен жасөспірімдер кітапханасының меңгерушісі Ж.Туенова келген қонақтарға ризашылығын білдіріп, қатысқан оқырмандарға сый-сияпат көрсетіп, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың: «Асыл сөзді іздесең, Абайды



оқы, ерінбе, адамдықты көздесең, жаттап тоқы көңілге!» деп кешті аяқтады.

Құралай ҚОЖЫРБАЕВА,
Жезқазған қаласының ОКЖ КММ Балалар мен жасөспірімдер кітапханашысы.



«МЕЙІРЛІ МЕКЕН»

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игілігінің бірі- білім қазынасы. Ол ұрпақтан-ұрпаққа ауып, жазбаша түрде жетіп отыратын күрделі процесс. Адамзат білімді қайдан алады? Әрине кітап деген құнды құралдан. Кітап қай заманда болмасын құнын жоймайтын асыл қазына. Ал осы қазынаның қожайыны салатын мәртебелі мамандықтың бірі- кітапханашы. Сырт кезге онша елене бермейтін кітапханашының жұмысы нәзік ірімді келеді. Кітап оқуға деген құштарлық және таңдау талғам осы руханият ордасында қалыптасады. Мен әңгімелейтін кітапхананың ондағы оқырмандардың арманы бөлек, талғамы басқа.

Алты нүкте арқылы дүние дүрмектің қызықтарын моншақтай етіп тізіп тап-тұйнақтай етіп жазады. Кітапханада өтетін қоғамдық шараларға белсене атсалысады. Қызығушылықтарына қарай кітапханадағы тұрақты «Брайльша үйренеміз», «Арнаулы кітапхана шақырады» атты үйірмелерге қатысып бой көрсетеді.

Арнаулы кітапхана аты атап тұрғандай зағип жандарға арналған Ақтөбе облысындағы жалғыз кітапхана. Кітапхананың ширек ғасырға жуық тарихы талайға тағылым болары сөзсіз. Әр сөресі сырлы сырға тұнған кітапхана ел игілігі үшін қызметін қалтқысыз жасап келе жатыр. Арнаулы кітапханаға 50 жыл толды. Мейірілі мекеннің басшысы Гүлстан Фимранқызы өз ісінің білікті маманы. Тәртіп пен талғамы биік парасаттың адамы. Асыра мақтау абырой әкелмейтінін білемін. Бірақ, шын мәнісінде Фимранқызынан өмірлік тәжірибеде алар жақсы қасиеттері жетіп артылады. Адамгершілік қасиеті бір төбе, нақты қызметте талабы орынды, айтары анық, әділ. Жас маманға өмір мектебінде асыл ұстаз. Қызметтегі алға жетелер бағдаршам іспетті, қанатының астына қармана алған басшыға алғыстан артық айтарым жоқ.

Ал, ұжым жауқазын ғұмырымда жолыққан жылы ұядай. Екінші отбасым. Мейірімділік, ізгілік атаулы біздің ұжымда берік бекітілген. Үлкен апайлар, ақыл-кеңес айтып, жақсылығымды әр уақытта асырады. Ішімде тұнған арман көп... Жүзеге асыру үшін ерінбей еңбек ету керек. Еңбек бәрін жеңбек. Кетігін тауып қаланып, мейірім тұнған мекенде ғасыр тойын тойлау бұйырсын.

Құндыз ҚОНЫСБАЙ,
Ақтөбе облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасының қызметкері.





Әлемдегі ең сұлу-қазақ әйелі менің жарым, менің анам, менің қызым. Қазақты қазақ қылған осы әйел болатын, сұлу ғана емес, сымбатты, мінезді ақылды, адал жар, абзал ана, ағайынға қамқор, ақыл-аймаққа құт, ердің мақтаны, елдің көркі.

Мұқтар Мағауин.

Ұлы дала амазонкалары саналған Томирис, Тұмар, Зарина патшайымдар, қасиетімен дала аңызына айналған Ұмай, Домалақ аналар, ел басқарып ерлердің әрі жұбайы, анасы атанған Жаған бегім, Бопай ханым, Айғаным ханша, Фатима, Тоташ, Күнімжан ханым секілді ауыр жүк арқалаған әйелдер бейнесі жадымыздан ұмыт болып бара жатырған, бүгінде жас ұрпақ есіне сақтау мақсатында «Ұлы Дала ханымдары және ұрпақтар сабақтастығы» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Махамбет аудандық кітапханасында ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы РМҚК мен Махамбет ауданы әкімдігі, Махамбет аудандығы әкімдігі жанында әйелдер істері және отбасылық – демографиялық саясат жөніндегі комиссияның Халықаралық Әйелдер күні аясында «Ұлы Дала ханымдары және ұрпақтар сабақтастығы» атты дөңгелек үстелді өте жақсы мазмұнда ұйымшылдықпен өткізді.

Бұл шараға Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессорлары, ғалым-тарихшылар, ардагерлер аналар, басшылық қызметтегі әйелдер, музейлер, мәдениет, кітапхана, әкімдік қызметкерлері қатысты.

Дөңгелек үстелді модератор – Махамбет ауданы әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның хатшысы Төлегенова Гүлфайруз Төлегенқызы жүргізді.

Дөңгелек үстелдің алғашқы сөз кезегі Махамбет ауданы әкімінің орынбасары СЕЙТҚАЛИЕВ Мардан Жұмахметұлына берілді. Ол кеш қонақтарын, аналарды мерекемен құттықтай отырып, әйелдердің



қоғамда атқарып отырған зор үлестері туралы айтып өтті.

«Сарайшық» республикалық музей-қорығы директорының орынбасары Айбек Тұрарұлы аудан әкімдігі мен музей-қорық арасындағы іскерлік байланыстарға тоқталып, тарихымыздағы аттары аңызға айналған әйелдердің өнеге тұтар істерін, қазақ қоғамындағы әйелдердің орнының ерекшелігіне қысқаша тоқталды.

Тарих ғылымының докторы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры Ахметова Ұлжан Төлегенқызы “Қазақ тарихындағы Бопай ана” баяндамасында Әбілқайыр ханның жұбайы Бопай ханымның тұлғасына баға бере келіп, Ресей еліне шыққан іс сапарларынан слайд арқылы, архив құжаттары бойынша зерттеу деректерін жариялады. Қатысушыларға зор мағлұмат беріп, қазіргі күнде Бопай ананы жаңа буын жастар арасына насихаттау туралы ұсыныс айтты.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті ректор аппаратының жетекшісі, тарих ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор Қайырғалиева Гүлфайруз жасаған «Фатима тоташ» туралы үлкен күрделі баяндама жұршылық

көңілінен шықты. Онда Жәңгір ханның жары Фатима ханша туралы көптеген деректер келтіре мәлімет берді. Фатима ханша еуропаша білім алған, француз, неміс, орыс тілдерін еркін меңгерген. Фатима Жәңгір хан қайтыс болғаннан кейін үш айдан соң 36 жасында бақилық болды. Міне, сол уақытта да қазақ әйелдері беделді ортада болып, елдің саясатына үлкен мән беріп, өздерінің қоғамдағы әйелдер ролін аса көрегендікпен атқарғанын туралы түсінік берді.

Тарих ғылымының кандидаты, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің оқытушысы Сармурзина Нағима Нәжімеденқызының

қоғамда алатын орны зор екенін, елімізде, облысымызда, ауданда, гендерлік саясатта, демографияда өзіндік үлесін қосып жүрген қыз-келіншектер барын, ауданымызда мекендейтін 34 мың халықтың 54 пайызын әйелдер құрайтынын айтып өтті. Аудан әкімдігі жанындағы комиссияның жұмысымен таныстырды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі нарықтық экономикаға көшу кезіндегі күйзеліс жайлаған шақта әйелдер отбасы, балаларын сақтап қалу үшін қолына ала дорба ұстап, көшеге сауда жасауға шыққаны тәуелсіздігіміздің берік болуына демеу болған жағдайлардың бірі ретінде саналады. Қазір

аудандық Аналар кеңесінің төрайымы Жібек Шамалиқызы Мұғауова саналы ұрпаққа тарих ақтаңдықтарын жеткізе, тұшымды ой, нанымды деректер ұсынған спикерлер еңбегіне ризашылық білдіріп, Ұлы Дала ханымдарының қазіргі кездегі замандастарымыз, қыз-келіншектермен сабақтастығын кино өнері арқылы, әлеуметтік желіде насихаттау керек деген ұсынысын ортаға салды. Барлық сала ардагерлерін, аналар мерекесімен құттықтап, толайым табыстар тіледі.

Махамбет аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі басшысы Нұрғали Латифұлы АРУЕВ

ҰЛЫ ДАЛА ХАНЫМДАРЫ



«Арынғазы ханның бәйбішесі» (Жақсы ханым) туралы баяндамасы да атап өтуге тұрарлық. Қазақ елін Ресей отарынан босатып дербес хандық жасауды мақсат еткен Арынғазының отаршылдыққа қарсы күресінде

де, қоғамда сол нәзік жандылардың белсенділігі еш төмендеген емес-деген ойын білдірді.

«Ұлы даланың ханымдары және ұрпақтар сабақтастығы» атты дөңгелек үстел кешінде сөз алған

сөз алып – Аналар мерекесі қарсаңында өткен іс-шараға облыстан бір топ тарихи ғалымдар келгенін, дөңгелек үстелде Ұлы дала ханымдары туралы әр түрлі зерттеулерге қанықтаны туралы ойын ортаға салды. Келген қонақтарғы, аналарға, қыз-келіншектерді көктемнің алғашқы мерекесімен құттықтады. Қатысушы жастарға үлгі тұтарлық шара болғанын сөзге тиек етті.

Шараны аудан өнерпаздары: Перизат Жазылбекқызы, Қайрат Жұмашев, Өмірбек Нәжімеденов, Айгүл Нұрмұхановалар мерекелік әншалқымаға ұластырып, көңілді күйге бөледі.

Міне, осы кештен қоғамдағы әйелдер ролі әлі де арта түсетінін және тарихта болған қазақ әйелдері ролі қазіргі ұрпаққа үлкен үлгі тұтарлық көрініс екеніне көзіміз жетті. Алдағы уақытта түрлі тарихи деректерден әйел бейнелерін келешек ұрпаққа танытуда насихаттау жұмыстары әлде де жүреді – деген пікірмен дөңгелек үстел мәресіне жетті. Ұлы мақсаттарға жету жолында бізге батыр аналар, бабалар аруағы жар болсын!

Шынарғүл ИЗМАҒАМБЕТОВА,
Атырау облысы, Махамбет аудандық орталық кітапханасының басшысы.



ханның бәйбішесі Жақсы ханым шаңырағына қорған бола білген адам. Ол түркімендердің ханы болған Пірәлінің қызы еді. Өз ортасында беделі жоғары болды, азаттық үшін арпалысқан жылдарда ханға үнемі қолдау көрсеткен. Баяндамашы Жақсы ханымның өмір жолын, тұлғасын насихаттай отыра, оны бүгінгі өмірмен сабақтастыра жас буынға үлгі етуді ұсынды.


«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы ғылыми қор бөлімінің меңгерушісі Сағынбаева Орындық «Сүйімбике атым, тегім ноғай...» баяндамасында Ер Едігеннің ұрпағы, Сарайшықта билік құрған Жүсіп бидің қызы Сүйімбике жайында қызықты деректер келтірді. Қазіргі татар, ноғай халықтары пір тұтатын Сүйімбике ханша қазақ жерінде, оның ішінде Сарайшықта дүниеге келген болуы туралы батыл болжамдар айтты. «Сүйімбике жоқтауын» әжелеріміздің жатқа айтуы да негізсіз болмас- деп сөзін қортындылады.

Махамбет ауданы әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның хатшысы Төлегенова Гүлфайрузтың «Қазіргі қоғамдағы әйел ролі» тақырыбындағы баяндамасы көпке ой салды. Ол әйелдер қауымының



НАУРЫЗ – ҚАЗАҚТЫҢ ТӨЛ МЕРЕКЕСІ

Наурыз – жалпы түрік-парсы тіліндегі халықтардың ортақ жаңа жыл мерекесі. Наурыз сөзінің мән-мағынасы не? Бұл атау қайдан шықты? Бұл жөнінде қазақтың көне тарихында (Үрімші қаласы, 1993ж) парсы тілінен навруз «жаңа күн» мағынада деген жалғыз мәлімет бар. Қазіргі тарихшылардың пікірі де осы. Бұл қате пікір. Ал, біздің айтпағымыз ежелгі сақтардан бастау алады. Ендеше, өз пікірімізді ортаға салып көрелік.





Екінші суретте алғашқы суреттегі ортадағы нүкте (күн бейнесі) жоқ. Ол басқаша үлкен шеңбермен жеке көрсетілген. Одан басқа тоғыз нүктенің біреуі шеңбер ішінде ерекше белгіленген. Бұл жердің кескіні. Ал сыртындағы кіші шеңбер оның тәуліктік айналуын көрсетіп тұр. Барлық планеталар, жұлдыздар күнді айналады, сырты шеңбер соны айқыштап тұр. Демек, біздің бабаларымыз арғы дәуірде-ақ дүниеге жазушы келместен бұрын, күн жүйесін, жер және оның айналасындағы планеталарды санына дейін анықтап, олардың қалай орналасқанын, жердің тәуліктік, күнді жылдық айналуын, жұлдыздар, аспан әлемі астрономия негіздерін Галилей, Коперниктен 17-18 ғ. бұрын толық хабардар болғанын тайға таңба басқандай, жартаста қашап, көрсетіп кеткен. Ежелгі сақтар бүкіл аспан әлемін жетік білген халық, жердегі тіршіліктің қыр-сырынан толық хабардар болған. Жылдың төрт мезгілін, айын, күнтізбесін білген, сондықтан көктемнің бастапқы айын наурыз деп атаған. Наурыздағы күн мен түннің теңелуін жаңа жылдың басы деп белгілеп, одан мол ырыс, береке тілеген. Кешегі Кеңес үкіметі тұсында бұл мерекені атап өтуге тиым салуына қарамастан жасырын болса да халық арасында атап өту болатын. Наурыз – март аталғанымен, ата-әжелеріміз наурыз атауынан таңған емес. Наурыз айының ортасынан ауған тұста, оңтүстік өңірге жасыл-көк үстгі кішкене жұдырықтай торғай ұшып келетін. Жұрт оны наурыздың хабаршысы ретінде жылы қарсы алып, наурыз торғай деп атайтын.

Ендеше, 22 наурыздағы күн мен түннің теңелуін алғашқы есептеп шығарған сақтар болғаны дау туғызбаса керек. Бүкіл түркі тілдес, парсы тілдес халықтардың ішінде тап қазақтардай наурызды ерекше құбылтып сән салтанатпен атап өтетін ұлыс жоқ. Олар ата салтына, дәстүріне берік халық. Қазақтардың наурызды тым әріде қалай қарсы алуы туралы нақты көрініс Қарғалыда табылған ескерткіште бейнеленген. 1939 жылы Алматы маңында аңшылар кездейсоқ, өте құнды 370 дана түрлі алтын әшекей бұйымдармен жерленген, әйелдің қорғанына тап болады. Қапсырма, сырға, жүзіктер, түйе бейнесі салынған мөр, басқада түрлі сәндік бұйымдар бар. Соның ішіндегі ең бағалысы әйел сәукелесінің маңдайшасы (диадема). Бұл жөнінде белгілі археолог К.Акишев былай дейді. «Прекрасным образцом древнеусуньского и ювелирного искусства является знаменитая «каргалинская» диадема» (Акишев, Алматы, 1979 г. стр. 2). Каргалинский клад содержал

серию изделий из золота, анализ сюжета каргалинской диадемы, принадлежавшей усуням и датированный II в. до н. э. (Байпаков, Алматы, 2006 г. стр. 168). Енді осы Қарғалыдан табылған әйел сәукелесінің (диадема) сюжетіне қараңыз.




Жоғарыдағы суретте: жан-жануарлар мен құстардың сырт кейпіндегі қуаныш сәттері бейнеленген.



Бірінші: белгісіз қанатты құбыжық жануардың үстінде оның мүйізінен нық ұстаған бозбала төңірегінде мереке басталғанын хабарлап шауып келеді. Екінші: жылқы үстіндегі салт жігіт айналасына қолын сермеп қуанышты хабарлап жеткізуде. Үшінші: Жас жігіт белгісіз жануардың үстінде кері бұрылып қос қолында сыбызғы-сырнай, күкке қарап жыр төгіп келеді. Төртінші: Ат үстіндегі той бастар жігіт, аузында қамыстан жасалған сыбызғы-сырнай, қолдарымен би өрнектерін көрсетіп билеп келеді. Жоғарыда ұшып жүрген құстар, жердегі мез-мейрам болған хайуандар кейпіндегі қуаныштарға қарағанда, мұнда наурыз мерекесінің толық бейнесі көрсетілген. Міне, наурыз мерекесін 22 ғасыр бұрын халқымыз қалай қарсы алып, қалай тойлайтын болғанын, қиыннан қиыстыра білген қас шебер, қаз – қалпында жеткізе білген. Ендеше, наурыз қазіргі айттып жүрген парсылардан бастау алады емес, атадан мұра, қазақтың төл – мерекесі. Наурыз – қазақ атауы, ұлттың жаңа жыл мерекесі.

Наурыз құтты болсын, рыс-мол, береке дарысын!

Қалмахан ШЕКЕЕВ, Тарихи зерттеуші, Тараз қаласы.



Бірінші суретте үлкен күн шеңбері, оның ішіндегі тоғыз нүкте ортасында жалғыз нүктені айнала қоршап тұр. Мұнда ортадағы күн және оның айналасындағы тоғыз планета. Екінші суретте «күн құдайының» бейнесі көрсетілген дегенді қазіргі ғалымдар алға тартады. Адамның басы орнына салынған қос шеңбер, оның айналасындағы самсаған нүктелер нені меңзейді? Бүкіл аспан әлемі, жұлдыздар, күн және жер, планеталар шоғыры көрсетілген.



“ЖҮРЕКТІ ЖЫЛЫТАТЫН ЖЫЛЫ СӨЗ - АЛҒЫС”

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен бекітілген Алғыс айту күні – қысқа мерзім ішінде Тәуелсіз Қазақстанды құру жолында аянбай тер төгіп, қысылтаяң шақта бар ауыртыпашылықты бірге көтерген еліміздің барлық ел азаматтарының бір-біріне құрмет білдіретін нәм тағдыр тоғыстырған Қазақстанның көп этносты халқының ортақ тарихын құрметтейтін күнге айналды.

Соған сәйкес, өткен аптада Ақтөбе облысы, Темір аудандық орталықтардырылған кітапханасының «Коворкинг» орталығында “ЖҮРЕКТІ ЖЫЛЫТАТЫН ЖЫЛЫ СӨЗ - АЛҒЫС” атты әсерлі басқосу өткен болатын. Кездесуге Темір аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, кітапхананың тұрақты оқырманы - Нұрмұхан Исаұлы, сондай-ақ, Темір ауданының тұрғындары Шешен ұлтының өкілі - Камета Тасланбекқызы, Татар ұлтының өкілі Талышова Әсима Ғалимуллақызы және Орыс ұлтының өкілі Нысанбаева Людмила қатысып, күрделі заманды иық тіресе бірге еңсеріп, өзге ұлты жатсынбай бауырына тартқан,құшақ жая қарсы алған кеңпейіл де қонақжай қазақ халқына жүрекжарды ізгі тілектерін, ризашылықтарын білдірді. Кездесу барысында қонақтар тағдыр тоғыстырған Қазақстанның көпэтносты халқының ортақ тарихынд стүрін құрметтеу,

әлеуметтік ынтымақты және ұлтаралық ауызбіршілікті нығайту, көп ұлтты Қазақстанмен сабақтасып жатқан өз ұлтының дәстүрі мен мәдениеті туралы ойларын ортаға салып, бастан кешкен қызықты оқиғаларымен сыр шертті. Сонымен қатар мереклік іс-шараға Темір ауданы әкімінің орынбасары Нұрлығұл Бердіханқызы қатысып, құттықтау сөз сөйлесе, кешті Темір аудандық кітапхана жүйесінің директоры Әсия Нұрқасымқызы қорытындылап, кешке қатысушыларды көктемнің алғашқы мерекесімен құттықтап, кештің құрметті қонақтарына алғыс хатпен сый-сияпаттарын табыстады. Шырайлы кешке қатысушылар әр ұлттың ұлттық тағамдарынан әзірленген мерекелік дастарханнан дәм татып, ауданның жас өнерпазы мың бұрала билеген “Шашу” биінің және аудандық мәдениет үйінің қызметкері, күйші Еркебұлан Әжібаевтың «Адай» күйін нақышына келтіре орындауының куәсі болды. Кездесудің мақсаты-өскелең ұрпақты достық, бір-біріне деген құрмет пен толеранттылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу, Қазақстанда этникаралық келісім мен ұлтаралық қарым-қатынасты нығайту.

Гүлнұр ЕСЕНҒАЛИ, Ақтөбе облысы, Темір аудандық орталықтардырылған кітапхана жүйесінің әдіскері.

ҰЛЫ ОЙШЫЛ

Фарабидің толық аты-жөні Әбу-Насыр Мұхаммед Иби Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан Әл-Фараби. Әл-Фараби түрік тайпасының дәулетті бір ортасынан шыққаны. Әбу Насыр әл-Фараби, яғни Фарабитан шыққан Әбу Насыр атанған.



Сол тұста өмір сүргендердің қалдырған жазбаларына қарағанда, Отырар қаласы IX ғасырда тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет орталығы болған. Оңтүстік Қазақстан өңірінде көне замандардан-ақ егіншілік пен қалалық мәдениеттің ортасы болды. Орта ғасырларда Ұлы жібек жолы арқылы керуендер Сығанақ, Сайран, Тараз, Ясы, Баласұғын, Отырар қалаларының гүлденуіне себепкер болды. Осы өңірлерден шыққан әл-Фараби, Дулаты, Қажа Ахмет Яассауи сияқты ғұламалармен танымал болды. VIII ғасырда араб халифатына құрамына енгеннен кейін бұл өңірде ислам кең тарала бастайды. Жастайынан өө өкілі болған түркі мәдениетінің де құндылықтарын ол жастайынан бойына сіңірді. Фараби пен Бұқарада бастапқы білім алған соң әл-Фараби өз білімін жетілдіру мақсатында Бағдатқа аттанады. Әл-Фарабидің шығармашылық мұрасы орасан зор (150-ге жуық философиялық және ғылыми трактаттар), ал оның айналған ғылыми салалары ол – философия мен логика, саясат пен этика, музыка мен астрономия.

Бағдат білім орталығында Бағдатқа баруының мынадай екі сыры бар. Біріншіден, сол кездегі Бағдат халифатын басқарған Аббас әулетінің сенімді уәзірлері негізінен түркістандық Фараб қаласынан болған. Екіншіден, Бағдат шаһары ғылым мен өнер жолына бет алған адамдарға қақпасын кең ашып, барынша жағдай жасаған. Бағдатта “Баит әл-хакма” атты ғалымдар үйі және әлемдегі ең бай кітапхана болған. Алғашқы кезде Әбу Насыр Әл-Фараби өзін ақын, әнші, күйші ретінде танытып, одан соң ежелгі грек ғалымдарының қолжазбаларын оқу арқылы күрделі ғылыми зерттеулермен шұғылдануға кіріскен. Ежелгі грек ғылымы мен араб ғылымының арасын қосқан осылар еді. Әбу Насыр Әл-Фараби дүниетанымы – екі әлемнің: көшпелілер мен отырықшылар өркениетінің және Шығыс пен Грек-Рим мәдениетінің өзара байланыстарының нәтижесі.

Әл-Фараби философияны баяндаудың өз нұсқасын ұсынады. Философияны –барлық білімдердің ішіндегі ең ұлысы деп санады, бұл адамның санасының жоғары көрініс деп есептеді. Өзінің философия көзқарастарында басты үш бағыт анық аңғарылады: ол дүниенің мәңгілігін мойындады, танымың болмысқа тәуелділігін растады, ақыл-парасат туралы ілімі саралады. Мәңгілік пен тәуелділік бастауларын күдіретті Алладан, аспан әлеміндегі құбылыстардың мәнінен, ақыл-парасаттан, адамның жан-дүниесінен, түр мен материя арақатынасынан іздеді. Бұл ортағасыр заманында «лемдік ғылыми жаңалық деп атауға болар еді. Ұлы ойшылдың “Аспан астындағы

дүние” ілімінен неғұрлым айқын көрінеді. Осы дүниенің заңдылығы – жер бетіндегі дүниеге іштей тән ақыл. Жеке адамның ағыл әлемдік санамен ұштасса ғана дамиды. Соңғысы, яғни әлемдік сана – мәңгі. Адам болса дүние салады, өткініш. Осыдан барып жанның мәңгі екенін және басқа жаққа ұшып кетуін бекерге шығару туады, мұның өзі діни қағидалар мен философияның арасындағы күреске тиек болған тезис еді. Ұлы ойшыл философияға үлкен мән берді, оған көп үміт артты. Осы ойларын «Ғылымдарды жүктеу», «Ізгілік қаласының тұрғындары», «Бақытқа бара жолды көрсету», «Азаматтық саясат», «Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері», «Музыка туралы үлкен көтап» т.б. Ол сол кезеңде философтар мен қарапайым халық арасындағы айырмашылықты айқындап көрсетті. Адам мен табиғаттың үйлесімдік жарасымдығы жайында ерекше байланысты көрсетеді білді. Әбу Насыр философия мен дінге деген өзінің жек пікірін де білдіреді. Бұл жер да Фараб қаласының мұсылмандық дінді бейбіт жолмен атап өткен дұрыс. Себебі VIII ғасырда оңтүстік өңірде атап айтқан Күмкент Саудақен, Қызылқая сияқты елді мекендердерде арабтарға біршама қаосылық көрсетілген де болатын. Бұл мұсылман дінінің сол кезеңде кең аумақта тарала бастаған кезеңі. Сондықтан осы ілімге ғұлама ғалымның қалыптасқан өзіндік пікірі болды. Әбу Насыр өзінің «Философияның дінге қатынасы» шығармасы «Қайрымды, рақымшыл Алланың» атынан бастауы да осы көзқарасты толықта йтүседі, оның Құран мәтіндеріне көңі аударуы жек сөздеріне ой логикалық трактат арнауы ғалымның ерекше көңіл бөлгенін көрсетеді.

Ұлы ойшылдың дінге қатынасы туралы мәселесін талқылау кезінде қоғамның әлеуметтік –экономикалық құрылысынан шынайы жағдайды негізге алады. Қазіргі кезеңде бұл көзқарас өте өзекті деп санаймыз. Діннің қоғамдағы орны, халықтың дінге деген көзқарасы қандай болмақ. Міне, осы тұрғыдан алғанда да осыдан мың жыл бұрын айттылған ойшылдың қағидасының орны ерекше.

Ұлы ойшылдың тек қана қоғам мен сана тұрғысы ғана емес, тұрғындардың қоршаған ортаға деген көзқарасы дүние, табиғат, таным сияқты түсініктерін қазіргі кезеңдегі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде қарастыра білсек қандай орынды болар еді.

АРШАБЕКОВ Темірғали Тілеубекұлы, Қарағанды облыстық ғылыми-құжаттама жөніндегі мемлекеттік архив басшысы.

Жуырда, Атырауда, Атырау өңірінен шығып Батыс аймағының үш облысының Мәдениет саласында теңдей қызмет атқарған, уақытында Ақтау, Атырау облыстық мәдениет басқармасын басқарған, мәдениет пен өнердің дамуына, өсіп-өркендеуіне реформалық тұрғыда елеулі жаңалықтар енгізіп, айтарлықтай үлес қосқан, 2002 жылы Батыс Қазақстан облыстық Х.Бөкеева атындағы Орал қазақ драма театрының негізін қалаған, театрдың ашылуынан бастап, оның аяғынан тік тұрып Қазақстандағы алдыңғы қатарлы театрлардың қатарына қосылуына көп еңбек сіңірген Мәдениет және өнер қайраткері, аудармашы, «Шапағат» медалінің иегері Құжырғали Төлеуішовтің “ҮШ ТАҒАНЫМ – ҮШ ҚИЯН” атты шығармашылық кеші Атырау облыстық әкімдігінің, облыстық Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен, Махамбет атындағы академиялық қазақ драма театрының ұйымдастыруымен өте жоғары дәрежеде аталып өтті.

Құжақаң туралы ол кісінің шығармашылық кешіне ат терлетіп сонау Маңғыстау өңірі мен Орал өңірінен келген әріптестері, өлкемізде ағамызбен үзеңгілес болған аға-інілері, замандастары, қарындастары бірі қалмастан жарыса әңгімелегеніне куә болдық, жаны жайсаң, сырбаз да сабырлы, бірқалыпты ағамызбен екі күн дәмдес, дастархандас болып біраз әңгімеге

фестивальдерге қатысып лауреат атанғандары да, сахнадан түспей кассалық қойылымға айналғандары да бар. Балалар қойылымдарын айтпағанның өзінде, Орал, Атырау театрларының сахнасынан 10 жылдың үстінде түспей сахналанып келген А.Чеховтың «Бәс», Т.Джудженогрудың «Көшкін», А.Чеховтың «Шағала», М.Ладонның «Болмаған оқиға» қойылымдарын өресі биік көрермендер толастамай ағылып келіп көргеніне куә болғанымызды, тіпті кейбір қойылымға өзімің де қоюшы суретші болғанымызды мақтанышпен айтқым келеді. 2008 жылы Ақтауда өткен Қазақстан театрларының XVI республикалық фестивалінде Құжақаң аударған А.Камюдің «Калигула» трагедиясы «Ең үздік режиссерлік дебют» номинациясын алса, 2012 жылы Қостанайда өткен республикалық

двор» Халықаралық театр фестиваліне ұжыммен барып көруге, тәжірибе алуға келісім жасасқан. Театр жыл сайын гастрольге, фестивальдерге шыққан. Барған, көрген. Қаншама сабақ алған, үйренген. Театрды Астрахань асырып Құрманғазының басына, Қараойда жатырған Махамбет зиратына, Ордадағы Жәңгір ханның басына да алып барып, басы-қасында өзі жүрген. Ұжымды әрдайым өнерлі жастармен толықтырып отыру керектігін де, оқуға, білімін жетілдіруге жіберуді де ұмытпаған. Тіпті, қазақ театрлары, шығармашылық топ қоярға қазақша пьеса таба алмай жатырған сол бір кезеңдерде аударма жұмысына да мәдениет пен әдебиет саласындағы тәжірибесі, білімі мол Құжақаң білек сыбана өзі кіріскен. Қазақстанның көптеген театрлары қоярға дүние таба алмай, тұрмыстық,



бағдарламасымен оқып келіп, бүгінде Қазақстанның мәдениет пен театр өнерінің кеңістігінде қызмет етіп жүрген, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері А.Маамировте бар.

Шығармашылық кеш соңында сөз алған Құжырғали аға сахнада тұрып: “Мен артық ештеңе де жасаған жоқпын, тек өзіме жүктелген міндетті күн-түн демей,

ӨНЕРДЕГІ ЖАЙСАҢ ЖАН

театрлар фестивалінде Құжақаңның тағы бір тың аудармасы Г. Гориннің «Атың өшсін, Герострат» қойылымы «Ең үздік режиссерлік жұмыс» номинациясын алып Орал театрының қанжығасын майлаған. Екі үздік спектакльдің қоюшы режиссері, сол кездегі Орал театрының бас режиссері М.Томановты лауреат атанып, атын Қазақстанның өнер сүйер қауымына



қанық болдық – біз үшін бұл үлкен үлгі, өнегелі мәдени шара болды.

Ең маңыздысы, осы кеште Қ.Төлеуішовтың “ЖАЙСАҢ” деген атпен 100 дана пьесалар аудармасының 500 беттік үлкен кітап болып жарыққа шығуы, сол кеште тұсауы кесіліп театр мен өнер жолында жүрген мамандарға, оқырмандарға

кеңінен танытқан да осы пьесалар болатын. Құжақаңның қасында жүріп, өнегесін, тәлімін алған М.Томановтың 2018 жылы шығармашылық кешінде Атырау театры режиссердің 8 пьесасын, 4 аудармасын кітап етіп жинақтап шығарып берген болатын. Сол кеште М.Томановтың: «Алдымда өте сыйлы ағам бар еді, сол кісіден қатты ұят болды-ау» деп ағынан



жол тартқандығы - шығармашылық кештің ең бір шарықтау биігі /кульминациясы/ болды. Атырау өңірінің абыз ақсақалы, мәдениет ардагері Орынғали Қарасаев пен Қазақстанға танымал ақын, Атырау аймақтық Жазушылар одағы филиалының төрағасы Қойшығұл Жылқышиев сахна төрінде кітаптың салтанатты түрде тұсауын кесіп, лентасын қиды. Қазақ театрларының сахнасында қазақша пьесалар тапшы, жоқтың қасы деп жүргенде, бұл өнер сүйер әлеумет үшін, театр, режиссерлар үшін үлкен олжа екендігі даусыз. Кітаптағы аударма пьесалар осы қалайы жоқ, ірі-ірі, көбі биікті мойындатқан, әлемдік классикалық туындылар. Бас аяғы бақандай 17 туынды. Туындылар Қазақстанның көптеген театрларында, әсіресе басым бөлігі Атырау, Орал, Ақтау театрларының сахнасында белсенді өнер көрсетіп келеді. Олардың ішінде

жарылуының өзі өнердегі қадір тұтып қатты сыйлайтын ағасына деген інілік ілтипаты, ерекше құрметі еді. Кейін, осы шығармашылық кештің өтуіне де, Құжақаңның аудармаларының, еңбектерінің шығуына да ұсыныс жасаған, ықпал еткен осы Мұқанғали інісі болса, оң ұсыныстың іске асуына өнерге бірден бір жанашыр тұзамат театр директоры Берік Қилекешұлы болғанын да атай кетуіміз керек.

Сол бір қиын қыстау кезеңде Орал театрына басшылық жасаған Қ.Төлеуішов, қабырғасы жаңа қаланған қазақ театрының көтеріліп кетуіне бар күш-жігерін салғаны баршаға аян. Ресей театрларымен жақсы қарым-қатынас, байланыс орнатып, Орынборға барып М. Горький атындағы орыс драма театры директоры Церемпилов Павел Леонидовичпен танысып екі жақты шығармашылық байланыста болуға, «Гостинный



қарапайым комедияларды талғау етіп жатырғанда Құжақаң пайымы терең классикалық туындыларды аударуға жүрескінбей кіріскен, режиссерлермен бірлесе ақылдаса отырып театр репертуарын


жан-аямай елім үшін деп еңбек еткенім ғана” – деп қарапайым ғана тілмен жүрек жарды айтуының өзі нағыз парасатты адамның сөзі ретінде шынайы шықты. Шығармашылығың арта берсін, Құжырғали аға!



биік өрелі туындылармен толтырған. Бұның бәріне куә қасында иық түйістіре қызмет жасаған өзінің өнердегі замандастары, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты С.Қажымұратов, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, режиссер М.Ахманов, режиссер М.Томанов, актерлер Қ.Амандықов, Е.Есендосов, «Болашақ»

Темірбек МАЖИТУЛЫ,
Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі,
Атырау қаласы, Махамбет атындағы
академиялық қазақ драма театрының
бас суретшісі.





**Қырық түтін шығады қырық тамнан,
Қырық торғай ұшады шыбық, талдан.
Қырық әже күзетіп отырады,
Қырық ұлдың орынын суып қалған.**

Мұқағали Мақатаев

Сансыз тағдырлар талқан болған сұрапыл соғыстан кейінгі жылдар да ауыр болды ғой. Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағы осы кез шығар. Шыдамның шегіне жетіп, төзімнің таусылып барып, оңалған мезгілі еді.

Ол кезде біз қаймақты Қызылсу өзенінің тұнжыраған жар қабағына жақын орналасқан Ескендірдің өзі салып кеткен кішкене там үйде тұрып жаттық. Елдің еңсесін басқан қиын-қыстау кезеңде жеті кісіге пана болған, шағын екі бөлмеден тұратын сол жылы ұямыз әлі көз алдыда. «Төр үй», «ауызғы үй» деп екіге бөлінуші еді ғой. Кейбір қатаң қыс кезінде ауызғы үйге жалғыз сиырдың бұзауын, түнге қарай қасына енесі - қоңыр қасқа сиырды байлауға тура келетін. Себебі, түн бетінде ауылға ұялы қасқырлар шауып, далада қалған иттерді жеп, төбесін қазып кіріп, қорадағы сиырларды, өкіргеніне қарамай, жарып кетіп жүрген жағдайлар жиілеп еді. Сақылдаған сары аяз, ышқына соққан дүлей боран, қарын жапсырған терезеден гүілдеген желдің ысқырығы түн бетінде қорқынышты-ақ. Далада, терезенің түбінен дүрсілдеген, жан алысып, жан беріскен жүгірістің бәрі естіліп жатады. «Ол немене?» деп, басымды едірейтіп, көрпенің астынан сығалаған мені, апам бүркеп жауып қоюшы еді. Әлден уақытта қаңсылаған иттің дауысы сап басыла қалады. «Әкетті» дейтін апам. Нені, кім әкеткенін ертеңінде естуші едім. Көрші Жұмаш атаның далада қалған дүрегей итін қасқырлар алып кетіпті.

«Өлмеген құлға» жаз да шығады. Жалғыз сиырдың ауызы көкке ілініп, біздің ауызымыз аққа тиеді. Қарынымыз бірде аш, бірде тоқ болып үмітке толы күндер өтіп жатты. Мен анамды сирек көремін. Ол, мен ұйықтап жатқанда, таңсәріден колхоздың жұмысына кетіп қалады да, түн жарымында шаршап-шалдығып жетеді. Ол кезде тағы да ұйықтап жатамын. Сондықтан, мен үнемі, күндіз де, түнде де апамның қасындамын.

Менің апам Сақып, ел ішінде «Сары Сақып», «Сары Кемпір», «Сары Апа» атанып кеткен, ауыл-аймаққа беделді кісі еді. Өзі керемет діндәр адам болды. Сондықтан ғой, қолымызда суреті де қалмады. «Күнә болады» деп, фотографты жолатпаушы еді. Қолынан таспихы түспейтін. Құранды жатқа аударатын. Еркектер дауыстап оқитын Құранды, әйелдердің сыбырлап оқитынын осы апамнан көріп едім. Қасындағы маған да діни уағыздарды жиі үйретуші еді. Әр қимылың «бісміллә»дан басталуын талап ететін. Ұйықтар алдында «басым салдым жастыққа, көңілім қойдым аллаға» деп басталатын ұзақ сөздерді жатқа айтатынбыз да, баяғыда өліп қалған «пәшеске» өлім, қалған халықтың амандығын тілеп жатып ұйықтап қалушы едім. Бірақ, құлағымың түбінде «о, жасаған, Ескендірімді үйге аман-есен қайтара гөр» деген апамның жалынышты үні көпке дейін естіліп тұрушы еді.

Апамның жалғыз ұлы, менің әкем Ескендір соғысқа алынғаннан бері не хат, не хабар жоқ. Бірақ, апам күнде тосады. Бәрін ырымдайды, бәрін жақсылыққа жориды. Жалғыз торпақты «Ескендірімнің тойына соямын» деп, еп салып қояды. «Ескендірім келіп қалса таза тұрсын» деп, үйдің ішін, далада есіктің алдын таза ұстаушы еді. Есік сықырласа «Ескендірім келіп қалды ма» деп елеңдеп отырады. Бірақ, Ескендірден хабар болмай-ақ қойды.

Тәтемнің (анамды апам «тәте» деп айтқызып үйреткен) еңбеккүнге алған азын-аулақ бидайын төрт шақырым жердегі Қойтастың диірменіне тартқызып әкелу апам екеуіміздің мойнымызда. Оны да анда-санда апарамыз. Көбінесе бидайды үйдегі қол диірменге тартамыз. Оны айналдыруға шамам келмегендіктен, менің міндетім диірмен тасының қуысына бидай салып отыру. Таңғы шәйімізден соң, «қазір Қойтасқа барамыз» дейді апам. Бес жастағы мен апамның ең бірінші көмекшісімін. Іргеде ағып жатқан Қызылсуды, жарды жағалап барып, колхоздың қара моншасының тұсынан өтеміз. Ол жердің түсе берісі де жайдақ және ені кең демесең, өткелі де таяз, қоңыр күзде үлкен адамның тізесінен сәл асады. Сылдырап аққан Қызылсудан сыңсыған сырлы әуен естіледі. Ұлы даланың бұла өскен ерке сұлуындай ауылымды орай ағып, он екі шақырым жердегі Ертіске қарай булаңдап кетіп бара жатады. Жерден арқан бойы көтерілген таңертеңгі күн сәулесі майда толқындармен бірге су бетінде

тербеледі. Жүзінді салқын леп аймалаған жадағай жағалауда апам аяғындағы мәсісі мен галашын шешіп менің қолыма ұстатады да, өзі мені арқалап алып арғы жағаға өткізеді. Өзім өтемін десем, аяғыңнан суық өтеді деп көнбейді. Бұдан кішірек кезімде Қойтасқа дейін, одан үйге дейін арқалап алатын. Сол үшін талай адамдардан сөз де еститін. «Өгіздеі қылып неге арқалайсың да жүресің, ертең сені Мекеге апарғанын көрерміз» дейді олар. Бірақ, апам жимиятын да қоятын. Ал, маған жауырының сүйегі ырсиған апамның арқасында, орамалының астынан шығып тұрған аппақ шашына қарап, тарамыстанған

Диірменші – Дерксень деген неміс шалы. Аппақ шашы мен сақал-мұртын өсіріп қоя берген, неміске тән сары кірпігінің ары жағынан сығырайған көзі ғана көрініп, аузынан махоркасы түспейтін, аз сөйлейтін тұңғыық адам еді. Махоркасының бірін тартып жатса, екіншісін орап, дайындап отырады екен. Темекінің түтінінен өзі шикіл сары шалдың ауызының маңындағы сақал-мұрты сарғайып кеткен. Ауылда темекіні жиі тартатындарға апам «Дерксінге ұқсап неге жиі тартасың» деп ұрсушы еді.

Апам келе «әй Дерксін, пшеница бери, мука дабай» дейді. Оған ақбас шал «обойдешься» деп дүңк етеді.

сырласып күліп отырса, құлағының есту қабілеті нашарлаған ол «немене, мені жамандап жатырсыңдар ма, жамандай беріңдер, Сақып жақсы деген атақты жастайымнан алып алғанмын, енді не десеңдер, о деңдер» деп отырушы еді. Расында ол өмір бойы абыройын жоғалтпаған адам. Кейде айтқанының бәрі бола бермейтін кезде «әй, өлмеймін ғой, өлсем қайтып келмеймін ғой, әйтпесе көрер едім, менсіз қалай жүргендеріңді» деп қиналушы еді.

Жетіге келгенше аяғымды жерге тигізбей арқалап, жетіліп кеткенше жетектеп жүріп өсірді ғой мені, асыл апам, ақ апам. Оқуды жақсы оқысам дағы тентектігім

САҚЫП АПАМНЫҢ

САҒЫНЫШЫ

немесе, кутумен өткен ғұмыр



желкесіне басымды сүйеп, жабысып отырған кезімде ешкімнің қолы жетпейтін, ештеңеден қорықпайтын биік қамалда отырғандай көрінуші еді. Желдің өтінен, тіл мен көзден сақтайтын қорғаным еді.

Өзеннен өткен соң, сол жағымызда бұрынғы ескі ауылдың жұрты кездеседі. «Бұл жер Тойшы атаның балалары қоныстанған ауылының орыны» деп таныстырады апам. Одан ары сулу табиғаты, керім келбетімен қызықтырған, Тастың қыратына шығамыз. Ауыл көзден енді таса болады-ау деген кезде «көзің өткір ғой, үй жаққа қарашы, қыбырлаған адамдар көрінбей ме? Біз мына жақта жүргенде үйге Ескендір келіп қалмасын. Неге кешігіп жатырсың, жалғызым-ай. Кәрі шешең сағынсын деп жүрмісің? Неге қинадың мені? Онсыз да сағыныштан сарғайып «Сары Кемпір» атандым емес пе?» дейді әдетінше, көзінің жасын сүртпін. Қайтқанда да, дәл осы жерге келгенде осы сөзді айтады. Апамның Ескендірден екі жас кіші Шаймардан деген тағы бір ұлы болыпты. Ол он жеті жасқа толған шағында қайтыс болыпты.

Қойтасқа бір жарым шақырым жетпей, бұрынғы су диірменінің орнында тауық фермасы бар. Онда шал мен кемпір тауық бағады. Қораның маңы қоршал-мағандықтан тауықтарды қайырып отырмаса тасты кезіп жайылып кетеді. Түлкі, қарсақтар осы маңды айналдырады. Қойша теңкиіп жатқан тастардың асты жұмыртқаға толы. Ол жерде аздап «аяқ суытып» алған соң, ары кетеміз. Біз бара жатқан диірмен селоның келесі басында. Дарылдаған дизель мотордың дауысы алыстан естіледі. Үлкен көшені бойлап диірменге жеткенше апам таныс орыс кемпірлерімен шала-шарпы орысшасымен сөйлесіп жатады.

«Мынау не дейді» деп апам маған қарайды. Орыстың (бізге европалық халықтың бәрі орыс) тілі түгіл өзін сирек көретін мен «білмеймін» деп иығымды қиқаң еткіземін. Ақыры апам қиқаң шалды көндіреді. Дайын ұннан қалақшасымен санап отырып салып береді. Келесі жолы да керек болады ғой деп, апам «әй, маладес, Дерксін, рахмет»ін айтып біз кері қайтамыз.

Менің апам Сақып Қызылжар, Кереку, Семей, Өскемен қалаларына, елден ертеректе кеткен Керейден тараған Ақымбет атаның балаларын іздеп, жиі барып тұрады. Туыстарды жатсынып кетпесін дейді. Елді, шыққан ата-тегін ұмытып кетпесін дейді. «Саған сол не керек?» дегендерге «көзіміз тірісінде үйрету бізге парыз» дейтуғын менің ел үшін еңіреп туған ер апам, қайран апам. Сонда кетерінде баратын жерін айтып жататын, «Ескендір келіп қалса, айтыңдар қайда кеткенімді». Бірақ, апам келгенше Ескендір де келмейді.

Апамның үміті ешқашан үзілген емес.«Әй, кешікті ғой, кешікті ғой. Бұл тегін емес. Үкімет тежемесе, келіп қалатын еді ғой». «Предгорныйдың бәйнекоматынан «қарақтарым-ау, соғысқа сендерден кетті ғой, айтсаңдаршы, Ескендірім қайда?» деп, сұрасам, «апа, балаңыз хабарсыз кетті» дейді. Оу, дардай азамат қалай хабарсыз кетеді?! Бір зәңбілімен жіберді де, айтпай жүр бұлар». Біреуден көңілі қалса, «ертең Ескендірім келгенде айтамын ғой осы істегеніңді» деп мұңаятын. Әй, сұм соғыс-ай, ешкімнен беті қайтпаған өр тұлға – апамның сағын сындырып, жасытып кеттің-ау.

Менің данышпан, кемеңгер апамнан талай ұлағатты сөздер қалды. Бертің, немере келіндері

басым мені мұғалімдер «апаңды алып кел» деп жиі қуатын. Сонда, апам менің қандай екенімді біле тұра «ондайы жоқ еді ғой» деп, жуып-шайып жатушы еді.

Жетпіс төртінші жылдың жазында апам күрт төмендеп ауырып қалды. Үкіметтің жұмысынан қолым сәл босаса апамның жанында боламын. Тамырлары білеуленген арық қолдарынан ұстаймын. Көрген қызығынан тартқан азабы жүз есе артық болған, мына жарық дүниеде, жалғыз ұлы Ескендірі сиймай кеткен, қиырлы-шиырлы, тарам-тарам тар маңдайынан сипаймын. Тек отырмаймын сөйлеп отырамын. «Апа, ауырмашы, сен өлмейсің. Жазылып кетесің. Әлі талай тойларды атқарасың» - деймін, не айтарымыз білмей. «Ескендірдің келген тойын» деп, айтуға аузым бармайды, оны өзі сезеді.

«Ух» деп демін ауыр алып, апамның әлсіз дауысымен үзіп-үзіп айтқандары мынау еді: « Жоқ, құлыным, мен өлмейтін сайтан емеспін. Алланың маңдайыма жазған күні санаулы. Жалғызыма деген сағыныш, үзілмеген үмітім мені жетелеп осы сексен төрт жасқа дейін алып келді. Бұл бір пенденің басына алланың жазған аз жасы емес. Сені Ескендіріме өзім табыс етейін деп едім. Оны құдай маған жазбады. Сен де отызға келдің. Менсіз келіп қалса өзің тосып ал, болмаса о дүниеде өзім тауып алармын». Жалғыз ұлын бұл дүниеде болмаса, ол дүниеде кездестіретініне сенімді.

Бір жұма ғана ауырып жатып, сағынышы мен үмітім арқалап, жарық дүниедегі атқарған қыруар жұмысының өтеуін де сұрамай, кете барды, менің сары апам. Еңгезердей болып, жігіт ағасы жасына келсем де, қамқоршысынан, асыраушысынан айрылған жандай дәрменсіз күйде, жылап-еңіреп қала бердім.

Не бердім мен өмір бойы арқалап өсірген апам? Ештеңе де бере алмадым. Халық «сені Мекеге апарғанын көрерміз» деп көзіне түрткі қылған, көзі тірісінде армандап өткен Меккеге де апаруға жарамдым. Барымды сатып, неге сол қасиетті жерұйыққа апарып келмедім деп өкінемін. Бірақ, алып бара жатқан байлығы да, сіңірі шыққан жарлылығы да байқалмайтын біздің қоңырқай тіршілігімізде ондай қаражат табылмайды. Байдың қызын алуды да жазбады маған. Өзіме қарай қосағым, қазаным қарай ошағым болды. Және де, ол заман ешкімді де шет елге жіберіп, талтаңдатып қоймады.

Апамды барлық салт-дәстүрді сақтай отырып, өзінің бүкіл үрім бұтағы, ата-бабасы жатқан Қойшыбай зиратына жерледік. Төрт жыл өткен соң, 1978 жылы Шүлбі су қоймасының құрылысына байланысты сол өңірдің зираттарын Жаманадырдың етегіне көшіру басталды. Барлық мәйіттерді қазған кезде, жалғыз ғана менің апамның мәйіті шашылмаған тұтас күйінде шықты. Сол қалпы. Көрген ел «астапыралла, мына кісі тірі кезінде қасиетті адам болған екен» деп жатты. Биыл апамның өткеніне де тура қырық алты жыл болып келіпті-ау. Ескендірден әлі хабар жоқ.

Амангелді УАЛИЕВ,
Шығыс Қазақстан облысы,
Ұлан ауданы, Қасым Қайсенов ауылы.



«СӘЛЕМЕТСІЗ БЕ, БАҚЫТ?!»

Сәлеметсіз бе, БАҚЫТ?!
Сізді күтіп...
Төзімнің тамшыларын талмап жұтып жүргенде,
арман бізді түү алысқа алып кетті бір демде.
Жиырмамыз жамырасып,
ешкім білмей тұрағыңызды ақ құмға жазып кетіп ек сұрағымызды.
Жауабы желмен өшті ме,
әлде көшті ме құм?
Әлі күнге бір хабар естімедім...

Иыққа үлбір желегім сап,
Үміт саулап етегімнен,
Бақытсыз өлеңімді ап
Әдем бағына кетемін мен!

Күлте сайын жасым тамып,
Гүл өсіріп,мастанармын.
Жаным-жұмақ,басым-тамұқ,
Қойныма шер жастанармын.

Есептемес елде қалам
Сауап,ынсап,күнә арасын.
Өзім болам көрген адам
Вавилонның мұнарасын.

Әдем бағы тұрағым боп,
Жұпар текті жыр төгемін.
Ораларға пырағым жоқ
Ер жиылмас Күлтөбемін.

Естен шығып аспан асты,
Сонда ешкімді сағынбаймын.
Тастап кетем тастамасты
Жүрегіме бағынбаймын.

...Иыққа үлбір желегім сап,
Үміт саулап етегімнен.
Тек бақытсыз өлеңімді ап
Әдем бағына кетемін мен!

Қара өлең құлайды кеудеме
Қанатын жайып сап.
Түн сайын жылайды. Беу, неге?
Тек осы дерттен бір айықсақ,
Үілдеп шақырған бір әннің
Үзіліп кетердей сағағы.
Сәбидей тәп-тәтті былдырлап
Санамда қоңырау қағады.
Төсектің наласын арқалап,
қиялды тербетіп отырмын.
Қалғысам ішегін тартады
Онсыз да сүйкімсіз қотыр мұң.
Сөнсе үміт соңғы рет қарманып
Сұлбасын сызылған әріптің.
Таңсырап,өлердей қансырап
Бауырымда боздайды ғаріп түн.
Фәнидің тілегін тәрк етіп,
Түссе өлең шер толы шараға,
Жалаңаш жүрегі жарқ етіп
Жоғалса...
қапыда қалам, ә?

Ұлпаға үзіп-үзіп тастағалы
Нәтімді қаңтар-ұлық,
Болмай қап кезбе бұлтың басқа амалы
Әлі тұр аңтарылып.
Мұң аңқып құндағымнан тарағанда-ақ
Қарқылдап қос қанаты сынық қарғам.
Андаусыз аспанға алғаш қарағанда-ақ
Көзіме көктем нұры тұнып қалған.
Жадыма жаз әуенін тоқығасын
Сыр төккен жөргегіме.
Күзде кеп оқимысың,оқымасым,

Сүрініп өрмегіме?
Ұлы өртке тамызық боп ақтың бәрі
Жалынға жұтылғасын.
Таңдайға татымады хақтың дәмі,
Кермек жас-ұтырлы асым.
Өттім де өзегінен күйіп ардың
Барымды ұмыттырып,
Ажалдың маңдайынан сүйіп алдым
Көзімді жұмып тұрып.

Уа! Жарық күн!
Өзің жолға салдың ба түнек-көрді?
Өң мен түстің арасын сағым қылып,
Менің үшін қойдың ба бұл өткелді?
Таң нұрына саусағын малындырып,
Сұрасын деп, хақ маған тілек берді.
Шуағыңа жаһанды табындырып,
Саған мәңгі соғатын жүрек берді,
Жарық күн!
Әлмисақта,
Нәсілсіз, құл, қауымсыз,
Ерте, ерте, ертеден бұрын,тіпті,
Ешкінің құйрығынсыз, қырғауылсыз,
Жоқ кезде жауыздық та,
Сезім біткен жатқанда қауызды ықтап.



Сабарға төсі барын білмей пенде
Нәпсісін ауыздықтап
Өткен бе еді?
Буаз бұл мамырласа, бүйірінен
Қытықтап, ойнаушы ма ед көктем лебі?
Көрген бе едің қапасқа қамалғанын

ЕЛІ ҮШІН ЖАННАН АЗАП ШЕККЕН БЕГ?

Айтшы, күнім!
Жарық күн!
Жеткіз мені ой шыңына!
Неше қайнап сорпам да қосылмай жүр
Бүгінгінің сыңқыл қыз, тойшы ұлына.
Ақыл-есім, пейілім, ықпаласым
Ауып кеткен **ТОБЫЛДЫҢ ОЙШЫЛЫНА!!!**
Әкетші мені қола дәуіріне.
Қоғамға қайтармай-ақ қойшы мына!
Жарық күн!

Жарық күн!
Саулең ғана шынайы.
Өзге “шынның” бәріне
Мен алданып қалыппын...

Бүйіріңде мен бармын ғой, дүние,
Дөңгеленші ақырын.
Құйрық, жалсыз құйындаған күніңе
Ілесе алмай туа шабан ақылым,
Далам кетті борбайында даң-дұңның,
Дүбірінен жауыр болды тақымым.
Шың басында қалып қойғым келеді
Шымбайыма батқанда әр шақырым.
Зеңгір көктің жұпартекті желіні
Жанасқанда ісініп,
Құзар шыңға қиялыммен қонақтап,
Емінер ем сүйсініп.
Күңіренсе Құлжығылған заңғары
Құпия сыр түйсініп,
Күмбір күзге оралар ем
Қанатыма күй сіңіп...

Басыбайлым батпан құйрық сағыныш
Жауыр жамбас, боздауық.



**Гүлімай ӘБІШҚЫЗЫ – 1970 жылдың
1 қаңтарында Ақтөбе облысы
Шалқар ауданы Аяққұм елді мекенінде
дүниеге келген.**

Сенген ұлтқа қылмай ма екен иелік
Құдіретпен мүсіндеп.

Ұзын арқан, кең тұсаулы ғұмырдың
Шешілер ме ноқтасы?
Бауырыңды жібітейін жұмыр күн
Жанарыма тоқтасы.

Басалқақ кім? Бұлай неге билейсің?
Есінді жый! Дүние!
Неге мені маңдайымнан сүймейсің?
Сезіміңе кім ие?

Ей! Қалқан!
Нәті қара темір ме едің?
Сенің арғы жағың ба егілмегім?
Әлде бергі жағың ба жеңілмегім
“Айтақтың” ата тегі көтергесін
Қазақтың тіредің бе кеңірдегің?
Қалқып кімді кімнен қорғамақсың?
Қасың кім? Нені білдің? Не билегің?
Қалқаным! Арзан айбат тиегішім,
Артыңда-арманыма ие мүсін,
алдында-аза бойлы сүйенішім.
“Көршімнің” қышып отыр иегі шын.
Алаштың арасынан былай тұршы
Кеудеге көтерілсең күйеді ішім.
Қара көздің қиығын қалқалама
Үмітімнің арса-арса сүйегі үшін,
Өтінем!

Көзіңді менің көзіме қада!
Көзіме қара, билігім!
Көкірегімнен көшіп барады
Көкелеп, сенген қилы күн.

Сөзіңнен сәлде орай да орай
Көңтері тартты мильғым.
Сусаған тамыр семердей болды,
Үзілер болды сүйірігім.

Төзімім мүлде таусылып қалды,
тәубеде ғана күйлімін.
Сыбағасына сұғыңды салма,
Сол болсын ұлтқа сыйлығың.

Қанатын бірдің қырыққаныңмен
Кестірмес мыңм құйрығын.
Қара қазанның қайнауы жетті
Құдайдан күткен бұйрығын.

Қазақтың көзі тұңғыық қандай!!!
Қорықпай бойлар мыйлы КІМ?!
Қап-қара, мөлдір көзіме қарап
Қасиетіңді жый бүгін!

АБАЙ – ДАРА, АБАЙ – ДАНА

Қазақтың бас ақыны - Абай абыз,
Есімі ұрпағына мәңгі аңыз!
Ақын көп, жазушы көп, ойшыл да көп,
Қазақта дара туған - Абай жалғыз!

Абайдың өлеңдерін оқып, әр жас,
Жамандықтан жиренші, жаныңа қас.
Абай десе Қазақ деп естілердей,
Тұтас ұғым екеуі ажырамас!

Абайдың өсиетін тыңда, халқым,
Бес асыл іс істеніз, өшпес атың!
Көзге шұқып көрсеткен бес дұшпаннан,
Аулаққа сал іргенді, болма жақын!

Абай сүйді дархандай кең даласын,
Жақын тартты қазақтың әр баласын.
Ғылым, білім, оқуды іздемекті
Аманаттап ұрпаққа, дана хакім!

Абай айтқан болса егер «Толық адам»,
Болмас еді қазақта ешбір надан!

«Толық» боп өмір сүрсе ұрпақтары,
Арманы болар еді-ау орындалған!

Адам деген Алланың сүйген құлы,
Абайдай түсіндірмес ешкім мұны.
Адамшылық ақ туын берік ұстап,
Ғақлия сөз қалдырды, терең ойлы.

Абай - дана, кеменгер, ұлт мақтаны,
Надандықты жою боп, ізгі арманы.
Сөздерінің қадірін түсінгендер,
Тұмар қылып тақса да жарасады.

Өлеңдерін Абайдай кеменгердің,
Үлгі тұтып, оқылық әрбір сөзін.
Ғасырда бір туатын «Кемел ой мен
Даналықтың» тойлайық мерейтойын!

Тұрардың соқпақты ғой өмір жолы,
Сонда да мойымаған ешбір жолы.

Халқына жақсылығы ұш-қиырсыз
Секілді «Түрксиб» темір жолы.

Қазақтың маңдайына біткен қыран,
Тұрар десе тебіренер бүткіл Тұран.
Бар тілегі азаттық, бостандық боп,
Түркілерге тастады ортақ ұран!

Өн бойынан күш тасып тұратындай,
Туа біткен қайсарлық, қуатын-ай!
Еліне қызмет еткен халқын сүйіп,
Әр қазақ болсын Рысқұл Тұрарындай!

Біледі бүгінгі ұрпақ ер қадірін,
Тәу етіп батыр ұлдың ақ қабірін.
Халқы үшін құрбан боп, жанын қиған,
Ұлықтайды Тұрардай батыр ұлын!

Тұрардың асыл мұрат тілегімен,
Бостандықтың таңы атты көкжиектен.
Алаштың тау тұлғалы Тұрар ұлы
Елінің өшпес мәңгі жүрегінен!



**КЫДЫРАЛИЕВ Досжан Қуандықұлы –
1978 жылы 4-қаңтарда Түркістан облысы,
Түлкібас ауданы, Абай ауылында дүниеге
келген. Ы. Алтынсарин атындағы жалпы
орта мектебінің директоры.**

Соңы, басы 1-бетте

НҰРЛЫ ДӘСТҮР – ТАЛ БЕСІК



Баланың әкесі баланы қолынан ұстап жетектеп аттың қасына әкеледі де көтеріп атқа мінгізеді. Осындай қуанышты сәтте ақсақалды ата немересіне бата береді:

Ал, ақ тілек, ақ тілек,
Атқа тоқым сал білек,
Атқа да жақсы шаба біл,
Жасыңнан малды баға біл,
Өнеге, өнер таба біл,
Аймағыңа жаға біл,
Атқа міндің, ақ жол болсын!

– деп бата берілген соң, баланың қолына аттың тізгінін, оң қолына қамшы ұстатады, аналар шашу шашып, тілектер айтады. (осы кезде Әже шашу шашады). Баланы атқа мінгізгенін көрші-қолаң, ауылды аралатады. Есігінің алдына ашамайға мінгізу рәсімін өткізген балаға келген үйдің бәрі шашу шашып, баланың киіміне үкі, шашақ, теңге, моншақ қадайды. «Бала шаршады-ау» деген кезде үсті-басы әлем-жәлемге, әшекейге то-



лып ауылға қайтып оралады. Сол күні мал сойылып, ат шаптырылып, той жасалады. Ашамайға баланы мінгізіп, аттың басын жетектеген жігітке, бата берген ақсақалға әке-шешесі сыйлық береді.

Биылғы жылы осы Дәстүр сөйлейді: циклы бойынша «Бесікке салу» дәстүрін көрсетуді және санадық. Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесіне орай музей қорынан «Наурыз-көктем мерекесі» атты қазақ халқының XIX-XX ғасырларына тән қолданбалы бұйымдарынан тұратын көрмесінің ашылу салтанаты өтті.

Экспозицияда алты қанат киіз үйдің жарты бөлігі құрылған және ол ерлер және әйелдер жағы және төр, табалдырық болып тұрмыстық бұйымдармен толығымен жабдықталған.

Және де ерт-тоқымның ерлерге, әйелдерге және балаларға арналған түрлерінен, әшекей бұйымдардан, киізден жасалған бұйымдардан т.б. тұратын арнайы фотоаналар құрылған.

Көрменің ашылу барысында «Дәстүр сөйлейді: Бесікке салу» атты мерекелік іс-шара көрсетілді. Оған қаламыздағы Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері және музей қызметкерлері қатысты.

Музей залы Наурыз мейрамына сай әсем безендірілген, залда төрде қазақтың ұлттық киіз үйі құрылған, киіз үйдің іші қазақ халқының ұлттық тұрмыстық бұйымдарымен әсемделген, музей қорынан түскізіл, сырмақ, асадал, күбі, бесік, қазақы дөңгелек үстел, саптыаяқ, тостаған, аяқ қап, келі-келсап, торсық, кесе қап т.б. бұйымдармен.

Киіз үйдің ішінде ортада қазақтың дөңгелек үстелі тұр, үстел үсті қазақтың ұлттық тағамдары бауырсақ, құрт-ірімшік, жент, қымыз, айран, наурыз көже т.б.

жайнап тұр. Айнала жиналған қонақтар. «Бесікке салу» дәстүрін сахналас бұрын Наурыз мейрамы туралы қысқаша түсінік беріліп, құттықтау тілектер айтылды.

Қазақтар бесікті қарағайдан, қайыңнан, көбіне талдан жасайды. Бесікті «тал бесік» деп атаудың сыры осында. Бесік көшіп-қонатын қазақ тіршілігіне өте ыңғайлы. Оны түйе үстіне, өзге жүктермен қоса артып жүре береді. Кейде бала бөленген бесікті де осылай алып жүретін болған. Себебі «баланың ұйқысын бұзған періштенің үйін бұзғанмен парпар» деп ұққан.

– Бесік туралы мынадай әфсана бар. Ертеде жоңғарлар шапқыншылығынан соң тоз-тоз болған ел тау жаққа қарай босып, үдере көшкенде аяғы ауыр жас келіншек бос бесікті арқалап бара жатқан көрінеді. Сонда Төле бимен қатар келе жатқан кісі: «Мына бейшараның көрпе-жастығын тастап, бос бесікті арқалап келе жатқаны-ай!» – дегенде, Төле би: «Баланың бесігі – кең дүниенің есігі ғой», – деген екен.

Бесіктің негізгі-негізгі деген бірнеше ерекше қасиеттері мен пайдасын атап өтуді жөн санадым:

1) Бесікке жатқан баланың ұйқысы қанық болады, қол-аяғын ербеңдетіп бос жатқан сәбидің ұйқысы тыныш болмайды. Ұйқысы қанбаған баланың зердесі толық жетілмейді.

2) Баланың мазасыздығы ананың психологиясына әсер етеді. Бұндай жайсыздық сүт арқылы сабиге беріледі. Сондықтан бесікке жатпаған бала болашақта сабырсыздау болады.

3) Сәбидің тұла бойы таза болып, тазалыққа бойы үйренеді. Денесіне дымқыл, сыз дарымайды. Сырттан келетін кері энергиямен шаң-тозаңнан сақтайды.

4) Бесік белгілі – бір ырғақпен ғана тербелетіндіктен баланың жүйкесі бір жүйе, тәртіпке түседі.

5) Бесіктегі балаға бесік жыры, ана әлди айтылады. Өнегемен, тәрбиелем, өрліген өлең жолдары сәбидің бойына көркем мінез, ұлттық қасиет, жомарттық пен жанашырлық сияқты жақсы қасиеттерін дарытады.

6) Бесік-Ұлттың ұясы, қазақы тәлім-тәрбиенің қайнар көзі.

Баланы алғашқы бөлеу ұрпақ өсірген, үбірлі-шүбірлі қадірменді әйелге тапсырылатын ырым бар. Ендеше, көпті көрген, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған қадірменді өнегелі әже, баланы бесікке сіз салыңыз сіздің жолыңызды берсін мына отырған жастарға, – деп

Өнер-білімге икемді болсын,
Бәйтеректей бойшанданып,
Өрен, өршіл, өркенді болсын!
Жақсы жолды таңдасын,
Жамандық тәлім алмасын!
Даналардың дәстүрін,
Жаңаласын, жалғасын,
Шұғылалы шуақты күн кешсін,
Басын сұр бұлт шалмасын,
Қос топшысы талмасын,
Қырандай биік самғасын!

Бесік жыры баланың дүние танымының ерте кеңеюіне жол ашады. Қазақ халқының балаларының тілі ерте шығып, жатық сөйлеуінің кілті – осы бесік

Айтқан бағасына сатып алу керек.

- Кез-келген адамға беруге болмайды.
 - Аяқ астына тастауға болмайды.
 - Бесікті өзін отпен аластап қояды.
 - Бос бесікті еш уақытта жабусыз қалдырмау керек.
- Үстіне ақ мата жауып, ең болмағанда ұршығына орамал байлап қою қажет.
- Бесіктің теріс жағына отырмайды.
- /балалардың айта алмағандарын мұғалім өзі айтып түсіндіреді/
2. Бесікке салу ырымдары – аластау, кертпе, тыштырма
 3. Бесік жабдықтары – бесік, жастық, жөргек, түбек, шүмек, т.б.



жырында жатыр. Өйткені баяу ырғақпен айтылған анасының әлдиі туғаннан баланың құлағына сіңеді. Ана баланы әннің ырғағымен тербетеді. Өкініштісі, бүгінде бесік жырын әндететін ана аз.

«Әлди-әлди, ақ бөпем, ақ бесікке жат бөпем...» бәрі бар. Оның үстіне сазды, әуенді болып келеді.

Ал енді қыздарымыз бесік жырын айтсын. Жиналған қонақтардың барлығына алдын-ала басылып шығарылған ән мәтінін таратып бердік, сөйтіп барлығымыз қосылып осы әнді хормен айтып бесікке салған баланы ұйықтаттық. Ж.Байырбекованың айтатын әні.

«ӘЛДИ ӘЛДИ»

Әлди әлди әлди ау
Әлди әлди әлди ау
Әлди әлди әлди ау

Әлди әлди балашым
Әлдилейді анашың
Бесігіңе жата ғой
Тәтті ұйқыға бата ғой

Әлди әлди әлди ау
Әлди әлди әлди ау
Әлди әлди әлди ау

Әлди әлди балам-ай
Әлдилейді анаң-ай
Бесігіңді тербетіп
Әлдиіміе салам-ай

Қайырмасы

Сақта туған далаңды
Тілін салтын санаңды
Әлі ақ өсіп ер жетіп
Қуантарсың анаңды

Әлди әлди әлди ау
Әлди әлди әлди ау
Әлди әлди әлди ау

1. Сондағы бесікке қатысты тыйымдар мен ырымдар:
 - Бос бесікті тербетуге болмайды.
 - Бесікті сатуға болмайды. Бесікті саудаламайды.

4. Жұмбақтар шешу.

Сәбиге сәнді үй-
Әжеге ән мен күй. (Бесік)
Бесікке іледі,
Әнін де, Дәмін де
Сәбилер біледі. (Сылдырмақ)
Шүберек қабығы,
Іші құс мамығы. (Жастық)
Кештің соңында Жүргізуші: Ұлы тұлғамыз Бауыржан МОМЫШҰЛЫ: «Жаудан да, даудан да қорықпаған қазақ едім, енді қорқынышым көбейіп жүр.

Бірінші, Балаларын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқам.

Екіншісі, немересіне ертегі айтып беретін әжесінің азаюынан қорқамын.

Үшінші, дәмді, дәстүрді сыйламайтын балалар есіп келеді. Оның, қолына қылыш берсе, кімді де болса шауып тастауға даяр. Қолына кітап алмайды. Үйреніп жатқан бала жоқ, үйретіп жатқан әже жоқ» деген екен терең толғаныспен.

Төле би «Баланың бесігі – кең дүниенің есігі» десе, дана халқымызда «Туған жер – алтын бесік» деген даналық сөзі бар. Қазақ халқы бесікті киелі, қасиетті, құтты мүлік санаған.

Туған жерді бесікке теңеу де бесікке деген құрметінен. «Сымбатыңа қарасам – асылдан таңдап кигендей» дегендегі Алпамыс батыр да, Қазыбек, Төле, Әйтеке сынды ақылгөй даналар да, елді аузына қаратқан небір шешен билер, төрелер жатып өскен бесік ешқашан ескірмек емес. Бесікті аялайық, ағайын!!! Бесік жыры үзілмесін.

Сәбилердің ұйқысы тыныш, аналар алаңсыз болсын! Халқымыз өсіп-өркендей, өрістей берсін!

Негізінен біздің бұл Наурыз мейрамын бұлай өткізуіміздің басты міндеті, – қазақ халқының салт-дәстүрлерін жаңғырту, жалпы қазақстандық рухани құндылықтарды нығайту, ұлттық бірігейлікті сақтау.

Мейрамгүл ЕЛУБАЕВА,
Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейі
ғылыми-әдістеме бөлімінің меңгерушісі.

